



Альтаева Шакарбану Мынтаевна

Альтаева Шакарбану Мынтаевна (1960 жылғы 1 қаңтар — 2019 жылғы 18 қараша) — Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіне 35 жылдан астам уақытын арнаған көрнекті педагог, басшы, «Шарбақты жалпы орта білім беру мектебі» КММ-нің құрметті директоры.

Ол 1960 жылғы 1 қаңтарда Павлодар облысы Лебяжі ауданының Шарбақты ауылында дүниеге келген. 1976 жылы Шарбақты орта мектебін бітіріп, Павлодар педагогикалық институтының физика-математика факультетіне оқуға түсті. 1980 жылы математика пәні мұғалімі мамандығы бойынша біліктілік алып шықты.

Еңбек жолын 1980 жылы Екібастұз ауданының мектептерінде бастап, математика пәнінің мұғалімі және сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырушы қызметтерін атқарды. 1981 жылдың тамыз айынан бастап оның кәсіби өмірі туған Шарбақты жалпы орта білім беру мектебімен тығыз байланысты болды. Бұл мектепте ол ұзақ жылдар бойы математика пәнінен сабақ берді.

2008–2014 жылдары бейіндік оқыту жөніндегі директордың орынбасары қызметін атқарды. Ал 2014 жылдың қаңтар айынан бастап мектеп директоры қызметін атқарып, білім ордасына басшылық етті. Оның жетекшілігімен мектеп өзінің берік дәстүрлерін сақтап, оқушылардың білім сапасын жоғары деңгейде ұстап, педагогикалық ұжымның бірлігін нығайтты.

Шакарбану Мыңтаевна 2019 жылғы 18 қарашада 60 жасқа қараған шағында өмірден өтті. Өріптестері, шәкірттері мен түлектерінің жадында ол дана ұстаз, принципшіл басшы және жоғары адамгершілік қасиеттерге ие тұлға ретінде мәңгі сақталады. Туған мектебіне адал қызмет еткен педагогтың жарқын бейнесі оны таныған барша жанның жүрегінде мәңгілік сақталады.